


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2023 жылғы 27 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Елімізде барлығы 1 828 белсенді ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары тіркелген, оның ішінде:

- 448 ет;
- 52 жеміс-жидектермен көкөністерді;
- 63 өсімдік майлы дақылдарын;
- 227 сүт өнімдерін;
- 252 ұн мен жарма өнімдерін өндіретін кәсіпорындар.

Ірі қара мал басынын артуына және қолданыстағы кәсіпорындардың жетіспеушілігіне байланысты сүт өнімдерін қайта өңдейтін шағын және орта кәсіпорындарын салу қажет, оған мысал ретінде: Ақтөбе облысында ірі қара басы 2017 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 23,3% немесе 432 мың бастан 588 мың басқа артқан, Батыс Қазақстан облысы бойынша 28% немесе 542 мың бастан 694 мың басқа дейін, Түркістан облысы бойынша 23,3% немесе 915 мың бастан 1 129 мың басқа дейін, Павлодар облысы бойынша 21,9% немесе 392 мың бастан 478 мың басқа дейін өскен.

Аталған өсімді ескере отырып әр өңірде өңделген еттің үлесін арттыру қажет.

Майлы дақылдарға келетін болсақ, Қазақстанда 63 кәсіпорын жұмыс істейді, оның 7-і жаңғыртуды талап етеді. Бұдан бөлек, өнімнің өсуэне байланысты, Республика бойынша кем дегенде 5-6 жаңа кәсіпорын іске қосылуы тиіс.

Сол себепті, қазіргі уақытта әр өңірде қайта өңдеу кластерін құру қажеттілігі қатты сезілуде. Ол үшін аймақтың өндірістік қуаттылығын арттыру керек. Өйткені шаруа өсірген дақылын өткізу үшін алысқа бармауы қажет. Бұл өңірдің экспорттық әлеуетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар аграрлық сектор қатысушыларының уақыты мен қаржысын үнемдеуге де септігін

тигізеді. Осы себепті жергілікті атқару органдары өңірлердегі өндірістік қуаттылықты айқындап шұғыл түрде шешім қабылдау қажет.

Осы орайда өнімдерді өңдеу үшін нақты әр аймақта не салу керек екенін анықтау туралы ақпараттар ашық түрде жарияланып, уақытылы жаңартылуы қажет. Отандық қайта өңдеу кәсіпорындарының қазіргі қуаттылықтарын барынша жүктеу, жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын жаңғырту және салу бойынша міндеттерін орындауға бағытталған қолдауды жетілдіру керек.

Осы айтылған мәселелердің төңірегінде, ұмытылып кеткен, баяғы әр аудандағы ауылшаруашылық қызмет көрсету және сатып алу орталықтарын (заготовительные центры) неге жаңғыртпасқа немесе кооперация шеңберінде осындай орталықтарды ынталандырып, жұмыстарын жетілдірмеске?

Алысқа бармай-ақ, маған Ақтоғай, Шет, Ұлытау аудандарының шаруалары жиі хабарласып, аталған ауылшаруашылық орталықтарының жоқтығынан өздерінің үнемі делдалдардың жеміне айналатындары туралы айтып, жазумен келеді.

Тағы бір өзекті мәселе ол шекараға жақын орналасқан ауылдардың жанайқайы, турасын айтсақ Үкімет мүшелерінің «болашағы жоқ» деген ауылдар жайлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында шекаралас аудандардағы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесін көтеріп, нақты тапсырмаларды Үкіметке жүктеген еді.

Осы тұрғыда, 65 шекара аумағындағы ауылмекендердің саны анықталды ма?

Оларды қалпына келтіру керектігі бойынша неге Самұрық-Қазына АҚ-на еншілес 279 компанияларын тартпасқа. Тапсырма беріп, әр ауылдан кем дегенде бір ауыл шаруашылығы бағытындағы толық циклді өндіріс салуды неге жүктемеске. Бұдан басқа тұрғылықты халық санын арттыруды қолға алып, жағдайды реттеу үшін көшіп-қону саясатын өзертпеске.

Мемлекет тек жұмыс күші жетіспейтін солтүстік және шығыс өңірлеріне ғана емес, осы шекара бойындағы елді-мекендерге халықтың шоғырлануына өз назарын аудару керек және де қажетті, тиянақты шешімдер қабылдайтын уақыт туындағаны айдан анық.

Жолданған сауалға белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Жигули Дайрабаев
Анас Баққожаев
Серік Егізбаев
Аян Зейнуллин
Қарақат Әбден
Николай Арсютин
Ерболат Саурықов
Тансауле Серіков**

*Орын: Д. Иманғалиев
Тел.: 74-64-16*